



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі
индикаторлары

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-Кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Жұмыспен қамту статистикасы басқармасының Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті

S.1.3 Байланысушы адамның аты

Алимбетова Айнұр Серікқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Белоносова Наталья Евгеньевна

S.1.5 Байланыс адамның пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4 кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

ain.alimbetova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 749688

S.2 Өзектілік- кіріспе

Еңбек нарығының көрсеткіштері тұтастай алғанда және экономикалық қызметтің жекелеген түрлері бойынша экономиканың жай-күйін сипаттаудың маңызды элементтері болып табылады. Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу еңбек нарығындағы халықтың жағдайын егжей-тегжейлі және жан-жақты сипаттайтын және басқа көздерден алынбайтын ақпаратпен қамтамасыз ететін ауқымды деректерді жинаудың әдістері мен көздерінің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша алынған ақпарат көрсеткіштерді есептеу түсініктері, анықтамалары мен әдіснамасы бойынша халықаралық деңгейде салыстырылады.

Зерттеуді жүргізудің мақсаты-еңбек нарығының жай-күйі туралы өзекті деректерді алу, атап айтқанда:

- жұмыс күшінің саны бойынша;
- жұмыспен қамтылған халық саны бойынша;
- жұмыссыздар саны бойынша;
- жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар саны бойынша;
- әлеуметтік-демографиялық құрамы бойынша;
- әр түрлі белгілер бойынша жіктеу және топтау бойынша.

Зерттеу нәтижелері жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздардың санын, олардың жынысына, жасына, отбасылық жағдайына, білімі мен кәсіптік құрамына, жұмыспен қамту санаттары мен жұмыспен қамтылмау жағдайларына, қосымша жұмыспен қамту әдістеріне, жұмыс іздеу жолдарына қарай бөлінуін бағалауға мүмкіндік береді, бұл еңбек нарығы ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған түрде жұмыс істей алатын нарықтық экономика жағдайында өте маңызды.

- Кері байланыс бюроның 1446 (Қазақстан бойынша тегін) қысқа нөмірі бойынша Бірыңғай байланыс орталығы, Telegram-Bot @statgovkz,

бюроның интернет-ресурсындағы онлайн-консультант арқылы жүзеге асырылады <http://stat.gov.kz>.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

26.05.2025ж.

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

26.05.2025ж.

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

26.05.2025ж.

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық.

Жұмыспен қамтылған адам – ақы үшін немесе мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру және сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы кіріс алу жолымен қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға.

Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып табылмаған адамдар.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу кезінде келесі статистикалық жіктеуіштер қолданылады:

1. Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктелімі (ҚР ҰЖ ӘАОЖ 11-2009).
2. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктелімі (ҚР ҰЖ ЭҚЖЖ 03-2019).
3. Кәсіптердің ұлттық жіктелімі (ҚР ҰЖ 01-2017).

Аталған жіктеуіштер ҚР СЖРА ҰСБ Интернет ресурсындағы www.stat.gov.kz/Негізгі/Жіктеуіштер/Статистикалық_жіктеулер бөлімінде орналасқан.

S.4.3 Салалық қамту

Халықтың жұмыспен қамтылуын тексеру кейіннен халықтың барлық санына қорытындыларды тарата отырып, байқаудың іріктемелі әдісі негізінде республиканың барлық өңірлерінде жүргізіледі. Үй шаруашылықтары (15 жастан асқан жеке тұлғалар) бақылау объектілері болып табылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Байқау түрі – іріктемелі.
2. Нысан индексі «Т-001».
3. Ұсыну мерзімі – Респонденттердің жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес.
4. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) Үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған

экономикалық субъект. Зерттеуге 227 785 үй шаруашылығы қатысады;

2) Жалдамалы жұмыскер – еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын не тәртіптемені және жұмыс істелген уақыт не өндірілген тауардың бірлігі үшін не көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді тапсырыс беруші айқындайтын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

3) Өзін – өзі жұмыспен қамтығандар - бұл жалдау шартынсыз тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеке өндірумен (сатумен) айналысатын адамдар.

5. Деректерді жинау құралдары – Статистикалық нысан – «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» индексі Т-001, мерзімділігі – айлық. Статистикалық нысан ҰСБ <http://stat.gov.kz> «Респонденттер үшін» /Статистикалық нысандар 2024 жыл / Жылдық нысандар интернет ресурсында қол жетімді. Нысанды Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы 2022 жылғы 27 тамыздағы № 19 бекітілген.

S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылықтары және 15 жастан асқан адамдар. Шектеусіз жоғарғы жас шекарасы зейнеткерлікке шыққан, бірақ жұмысын жалғастыратын адамдардың еңбек нарығына қатысуын нақтылауға, ең төменгісі – жасөспірімдерге, сондай-ақ деректердің халықаралық деңгейде салыстырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасы бақылаудың іріктемелі әдісі негізінде жүзеге асырылады.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін ақпараттық база ТҚСТ болып табылады.

Аталған дерекқорды пайдалану бірқатар артықшылықтарға байланысты:

- іріктеу негізін құруға байланысты шығындардың маңызды баптарының бірін алып тастайтын дайын іріктеу шеңберінің болуы;

- үй шаруашылықтарын ротациялауды жүзеге асыру үшін қажет тұрақты жаңартылатын дерекқордың болуы;

Жалпы үй шаруашылықтарының саны 5 610 082 үй шаруашылығын құрайды. Іріктемелі жиынтық 227 785 үй шаруашылығын немесе бас жиынтықтың 4,1% құрайды, ал резерв 100% құрайды. Жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттарда, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақ үйлерде, діни қауымдастықтарда және басқа да осыған ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық түрлерінде тұратын үй шаруашылықтары тексеруге жатады. Интервьюерлерге жүктемені азайту мақсатында бас жиынтықтан ақпарат жинау кезінде 100 үй шаруашылығынан кем тұратын елді мекендер алынып тасталады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана, аудандар).

S.4.8 Қамту уақыты

«Еңбек нарығындағы негізгі индикаторлары бойынша деректер 2001 жылдан бастап қалыптастырылады және 2001-2024 жылдарға динамикалық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Қолданылмайды

S.5 Өлшем бірлігі

Адам

S.6 Есепті кезең

Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы «Мемлекеттік статистика туралы» №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 8 қыркүйекте №6459 тіркелді).

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне сәйкес респонденттер ұсынатын бастапқы статистикалық деректердің негізінде әзірленген ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 10 маусымда №6283 тіркелді).

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 тіркелді).

5. «Статистика жөніндегі әдіснамалық ереже» ҰСБ <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсының «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

6. Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін статистикалық жұмыс жоспары.

7. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми стратегиялық статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюро қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы жағдайында құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Сауалнама құжаттарды ұсыну қажеттілігінсіз ерікті негізде жүргізіледі. Жиналған деректер жинақталған түрде өңделеді және жарияланады. Бастапқы деректері бар сауалнамалар мұрағатта бір жыл бойы сақталады.

1. Респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік беру туралы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - саясат) бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, басшылық қағидаттар мен практикалық тәсілдерді айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 тіркелді).

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

2025 жылға арналған Статистикалық жұмыстардың жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында қолжетімді www.gov.kz "Мемлекеттік органдар" / "Басқалар" / "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі" / "Бюро" / "Құжаттар" бөлімінде.

2025 жылға арналған Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі www.stat.gov.kz сайтында «Мемлекеттік органдар» - Басқалар-Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Құрылым – Бюро - Бағыт – Қоғамның ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру - Құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

2025 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында қолжетімді www.gov.kz "Мемлекеттік органдар" / "Басқалар" / "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі" / "Бюро" / "құжаттар" бөлімінде.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Бастапқы» / «Статистика» / Еңбек және табыс / Жұмыспен қамту және жұмыссыздық.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

«Еңбек нарығындағы жағдай туралы» баспасөз-релизі есепті кезеңнен кейінгі 14 күні жарияланады.

S.11.2 Жарияланымдар

1) Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Бастапқы» / «Статистика» / Еңбек және табыс / Жұмыспен қамту және жұмыссыздық / Электронды кесте / Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары;

2) Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Бастапқы» / «Статистика» / Еңбек және табыс / Жұмыспен қамту және жұмыссыздық / Динамикалық қатар.

S.11.3 Онлайн деректер базасы

«Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесінің <http://tal dau.stat.gov.kz> «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы» бөлімінде.

S.11.3.1 AC 1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 тіркелді).

Өтінім беру шарттары туралы ақпарат Бюроның <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсында «Зерттеушілер үшін» және «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» бөлімдерінде қолжетімді.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер - кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Бюро <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсында «Әдіснама» / «Статистика жөніндегі әдіснамалық ереже» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігінің Ұлттық статистика Бюро басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты өндіру процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Халықты жұмыспен қамту статистикасы бойынша деректердің сапасы мен дұрыстығына жалпы қабылданған рәсімдер қолдау көрсетеді:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімдерді пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және негізделген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесін жаһандық бағалауы (2008ж., 2017ж.).

- Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру әдіснамасы Халықаралық еңбек ұйымы стандарттарымен салғастырымды.

- «Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары» электроныдық кестелер деректері негізінде Мемлекетаралық Тәуелсіз мемлекеттер достастығының статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясының халықаралық сұрақнамалары толтырылады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты көрсеткіштер: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі, Қазақстан Республикасы Мәжіліс Парламенті, Қазақстан Республикасы Сенат Парламенті, мемлекеттік органдар, ТМД Статкомитеті,

Халықаралық еңбек ұйымы, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсында "Басты бет" / "Сауалнама" / "Пайдаланушылар сауалнамасы" бөлімінде орналастырылған.

Бұдан басқа, пайдаланушылармен және респонденттермен тұрақты кері байланысты қолдау мақсатында Бюро 1446 Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

S.14.3 Толықтығы/R1/ Деректердің толықтығы - үлес

Деректердің толықтығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген «Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесіне» сәйкес әдістемелік ұсынымдарды және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» (индексі Т-001, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулығын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Іріктелген үй шаруашылықтарының жетіспеуі жағдайында резерв тізімінен тұрғын үй-жайлардың мекенжайлары ауыстырылады. Интервьюер іріктемеде көрсетілген тізімге сәйкес мекенжайда тұратын үй шаруашылықтарының мүшелеріне ғана сауал салу жүргізеді.

Іріктеп алынған үй шаруашылықтарынан жауапты толық ала алмау зерттеу нәтижелерінің бұзылуына алып келетін күрделі кемшілік болып табылады. Бұл жағдайда жеткіліксіз деректердің орнын толтыру қажеттілігі туындайды. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыруға арналған.

Зерттеу барысында үй шаруашылықтарына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады. Себептердің екі түрі бар: объективті және субъективті.

Зерттеуден бас тартудың объективті себептері:

үй шаруашылықтарының барлық мүшелері 73 және одан жоғары жаста;
үй бұзылған;

кетіп қалған, пәтер (үй) бос;

пәтерлер біріктірілген;

бұзуға түскен үй;

үй (мекенжайы) табылмаған;

өзге себептер (үй-жайдың мақсатының өзгеруі).

Зерттеуден бас тартудың субъективті себептері:

үй шаруашылығының зерттеуге қатысудан бас тартуы.

Деректерді ұсынбау жағдайын өңдеу кезінде барлық себептер бойынша алынбаған жауаптардың орны толтырылады. Өңдеудің бұл мақсаттары үшін іріктемелі салмақтарды түзетуді тұжырымдайтын қайта өлшеу әдісі

қолданылады.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Статистикалық бағалаудың нақтылығы көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі мен іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі қолданылады.

Іріктеменің стандартты қатесі іріктеме параметрі мәнінің осы параметрдің іріктемелі орташа мәнінен стандартты ауытқуы болып табылады.

Стандартты салыстырмалы қате бағаланатын статистикалық шаманың оның орташа мәніне қатынасы болып табылады.

Аудандар бойынша зерттеудің нақтылығы жұмыспен қамтылғандар саны, жұмыссыздар саны, жұмыс күші саны, жұмыс күшінің құрамына кірмейтіндердің саны, жұмыс күші үлесі, жұмыссыздық деңгейі көрсеткіштері бойынша есептеледі.

Іріктеменің стандартты қатесі (μ) іріктемелі және бас жиынтық сипаттамалары арасындағы ықтимал айырмашылықтарды айқындайды.

Іріктеменің стандартты қатесінің мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\mu = \sqrt{\frac{\sigma^2}{n}(1 - n/N)}$$

мұндағы,

σ^2 – бас дисперсия;

n – іріктемелі жиынтық көлемі;

N – бас жиынтық көлемі.

S.15.2 Іріктеме қатесі – индикаторлар/A1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «30» маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу үшін ағымдағы жылға іріктемелі жиынтық көлемін анықтаған кезде өткен жылғы халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу нәтижелері іріктемесінің салыстырмалы қатесін есептеу қолданылды.

Жыл сайын іріктеменің салыстырмалы қатесі есептеледі және «Қазақстан Республикасында еңбек нарығындағы негізгі индикаторлар» электрондық кестеде жарияланады.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Анықталмаған

S.15.3.1 Қамту қатесі

Іріктелген үй шаруашылықтарының жетіспеуі жағдайында резерв тізімінен тұрғын үй-жайлардың мекенжайлары ауыстырылады.

Интервьюер іріктемеде көрсетілген тізімге сәйкес мекенжайда тұратын

үй шаруашылықтарының мүшелеріне ғана сауал салу жүргізеді.

Іріктеп алынған үй шаруашылықтарынан жауапты толық ала алмау зерттеу нәтижелерінің бұзылуына алып келетін күрделі кемшілік болып табылады. Бұл жағдайда жеткіліксіз деректердің орнын толтыру қажеттілігі туындайды. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыруға арналған.

Зерттеу барысында үй шаруашылықтарына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады.

Себептердің екі түрі бар: объективті және субъективті.

Зерттеуден бас тартудың объективті себептері:

үй шаруашылықтарының барлық мүшелері 73 және одан жоғары жаста;
үй бұзылған;

кетіп қалған, пәтер (үй) бос;

пәтерлер біріктірілген;

бұзуға түскен үй;

үй (мекенжайы) табылмаған;

өзге себептер (үй-жайдың мақсатының өзгеруі).

Зерттеуден бас тартудың субъективті себептері:

үй шаруашылығының зерттеуге қатысудан бас тартуы.

Деректерді ұсынбау жағдайын өңдеу кезінде барлық себептер бойынша алынбаған жауаптардың орны толтырылады. Өңдеудің бұл мақсаттары үшін іріктемелі салмақтарды түзетуді тұжырымдайтын қайта өлшеу әдісі қолданылады.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған жағдайда деректерді ала алмау орын алады. Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасы қолданылады.

Бас жиынтыққа қолданылатын деректерді алу мақсатында зерттеу қорытындыларына статистикалық салмақтау жүргізіледі.

Іріктемелі зерттеудің нәтижелерін салмақтау байқаудың әрбір жекелеген бірлігіне– персонаға сәйкес салмақ беру арқылы жүргізіледі.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы - үлесі

Есеп жоқ

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі - алғашқы нәтижелер

Электрондық кестелер алғашқы нәтижелер Статистикалық жұмыс жоспарына және жыл сайын бекітілетін ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады және түпкілікті болып

саналады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі - соңғы нәтижелер

Алғашқы қорытындылар түпкілікті болып табылады

Жинақ күні - 01.01.2024 жылы

Аяқталу күні - 31.12.2024 жылы

Өңдеу күні - 20.03.2025 жылы

Жариялау күні - 31.03.2025 жылы

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарлы жариялау мерзімдері сәйкес келеді, 2025 жылы жарияланымдар мерзімінде бұзушылықтар болған жоқ. Жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, жариялау мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Еңбек нарығы негізгі индикаторларының динамикалық қатары 2001 жылдан бастап үзіліссіз және салыстырмалы.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Статистикалық құралдар, соның ішінде «Қазақстан Республикасы еңбек нарығындағы негізгі индикаторлары» электрондық кестелерде жарияланған көрсеткіштері халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескере отырып әзірленді. Сонымен қатар, көрсеткіштер қоғамдық/үкіметтік емес ұйымдармен келісілген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық санының деректері «Еңбек өнімділігі» көрсеткіштерін есептеу үшін Ұлттық шоттар департаментіне ұсынылады.

S.19 Жүктеме

Еңбек нарығындағы негізгі индикаторлары бойынша деректерді жинау қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Ақпаратты өңдеу процесстері жергілікті бағдарламалық кешенді қолдану арқылы автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратқа бақылау көзделген. Хронометраждық жолмен үй шаруашылығының 1 мүшесіне сауалнамалық пікіртерім жүргізуге шамамен 10-15 минут кететіндігі анықталды.

Үй шаруашылықтарын тұрмыс деңгейі бойынша зерттеу деректері

бойынша орташа отбасылық коэффициент - 4 адам. Осылайша, бір сауалнаманы толтыруға кеткен орташа уақыт 40-45 минут.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Статистикалық құралдар қажеттілікке байланысты қайта қаралады (қолда бар көрсеткіштерді қайта қарау немесе жаңа көрсеткіштерге қажеттілік, ескірген НҚА). 2022 жылы нысанды қайта қарау жұмыстары жүргізілді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Еңбек нарығындағы негізгі индикаторлары бойынша деректер жиынтығы «Халықты жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» статистикалық нысаны бойынша бастапқы статистикалық ақпарат дерекөздеріне негізделген.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылына бір рет

S.21.3 Бастапқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша сауалнама арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына тікелей бару жолымен сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады. Тексеру ерікті негізде жүргізіледі. Барлық жауаптар респонденттердің сөздерінен жазылады, растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді. Қойылған сұрақтарға жауаптар, егер соңғысы барлық сұрақтарға толық жауап бере алса, респонденттердің өздерінен де, бірге тұратын ересек отбасы мүшелерінен де алынуы мүмкін.

Сауалнама "Халықты жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" Т-001 статистикалық нысаны бойынша жүргізіледі. Сауалнама - бұл әр сауалнамада қолданылатын және үй шаруашылығының әр мүшесінің еңбекке қатысуын сипаттайтын сұрақтар тізімін қамтитын мамандандырылған бланк. Сауалнама іріктемеге түскен әрбір жеке үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады.

S.21.4 Бастапқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі форматты-логикалық бақылауды қамтиды.

Анықтықты тексеру келесілерді қамтиды:

бас жиынтықты қамтудың сәйкестігін тексеру;

статистикалық процестерді алдыңғы циклдермен салыстыру;

статистикалық деректерді басқа тиісті деректермен салыстыру.

S.21.5 Импутация – үлесі/А7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды

S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыс

жалғасатын болады.